

Н ТУЫ

ОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

февраль Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ич СТАЛИН жолдасқа

1952 жылы колхоздар мен совхоздарда бөгеттер мен дамбалар, тосқауылдар салуды ұйымдастырамыз, көптемдегі тасқын суы жайылымына жете пайдалануды бөздей, су шаруашылығы құрылыстарын саламыз;

1 миллион 400 мың гектар шабындық пен мал жайылымына қар суын тоқтатуы ұйымдастырамыз;

күрделі құрылысты ұлғайту есебінен дұрыс суарыматын жер көлемін 30 мың гектар арттырамыз;

400 мың гектар жерді суарудың жаңа жүйесіне көшуді қамтамасыз етеміз;

1951 жылы суарылмаған 237 мың гектар жерді игеріп, суарамыз;

жер суландыру жүйелерінің пайдалы қызметін 10 процент арттырамыз;

шахта және трубалы құдықтар салу, бөгеттер мен тоғандар жасау арқылы 3 миллион гектар мал жайылымын суландырамыз;

суармалы және жайылма шабындықтардан 3 миллион тонна жоғары сапалы пішен жыйнаймыз;

су шаруашылығы құрылыстарында жаңа техниканы қолдануды қамтамасыз етеміз;

еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру үшін қолда бар жер қазатын және құрылыс механизмдерінің бәрін мейлінше толық пайдаланамыз.

Алған міндеттемелерімізді ойдағыдай орындау үшін біз жер суландыру жүйелерін салу және пайдалану жұмысының жоғары көрсеткіштеріне жетуді, су қорларын мейлінше толық пайдалануды көздейтін социалистік жарысты кеңінен өрбететеміз.

Біз алған міндеттемелерімізді орындап қана қоймай, сонымен бірге, асыра орындау үшін күшімізді аямай еңбек

Облыс қой өсірушілері! Қой шаруашылығын мықтап өркендетіп, қойдан жүнді көп алу және қой қыркы шараларының мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етейік. Сөйтіп, еліміздің жеңіл өнеркәсібіне жүн сыяқты бағалы шикізатты көптеп беретін болайық!

Республикамыздың су қорлары ауыл шаруашылығының қажетіне пайдаланылсын

Су шаруашылығын өркендету мәселелері жөніндегі республикалық кеңес

Осы жылғы 12—14 февральда Алматы да Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында су шаруашылығын өркендету мәселелері жөнінде республикалық кеңес өткізілді. Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті шақырған бұл кеңеске облыстық су шаруашылығы басқармаларының, аудандық су шаруашылығы бөлімдерінің, машина-мелиорация, машина-экскаватор станцияларының, машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларының, жайылым-мелиорация, құрылыс-монтаж конторларының, совхоздардың басшылары, инженерлері, су техникалары, агрономдары, колхоздардың председателидері, мұрабтары және егін су шаруалары, партия, совет, ауылшаруашылық және кәсіподақ ұйымдарының, орман шаруашылығының қызметкерлері, республиканың ғалымдары, Өзбекстан су шаруашылығының қызметкерлері, гидротехника және Бүкілодақтық мелиорация ғылыми зерттеу институтының ғалымдары қатысты.

Кеңес Қазақстанның су шаруашылығын онан әрі өркендету, жер суару жүйелерін пайдалануды жақсарту, жерді жайып суаруды, шабындықтарды, жайы

Жемшөп базасының жайы көзіргі уақытта қоғамдық мал шаруашылығының қажетін өтеуден әлде қайта артта қалып, малды тезінен көбейтуге және өнімділігін арттыруға негізгі бөгет болып отыр. Колхоздар мен совхоздарда 1948 жылдан 1952 жылға дейін қоғамдық мал санының өсуі жемшөп дайындаудың өсу қарқынынан едәуір артып отыр. Жемшөптік екпе дақылдардың, табиғи шабындық және жайылым шөптерінің шығымдылығы өте төмен. Колхоздар көпжылдық шөптерді 3—4 рет ору орнына небары бір екі рет орады. Өтешарғында есептегеннің өзінде республиканың совхоздары екпе шөптер егісі көлемін толық жыйнамауы нәтижесінде 1951 жылы біржарым екі миллион тонна пішенді кем алды.

Шабындық шөптердің шығымдылығының кем болуының себептерін көрсете келіп, Тайбеков жолдас былай деді:

— Шабындықтар мен жайылымдар шөбінің шығымдылығын ұштасқан агротехникалық, мелиорациялық және ұйымдастыру шараларын жүргізу — шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту, мал жаю тәртібін дұрыс белгілеу, маусымдық жайылымдарды шеберлікпен мең

суару жоспарын орындап қана қоймай, оның үстіне едәуір асыра орындау нақтылы мүмкіншіліктер бар екен Тайбеков жолдас атап көрсетті. Жер жайып суару жұмысын, бұған қалай бұқараны қатыстырғанда ғана кезін жүргізуге болатынын Ақмола облысының тәжірибесі көрсетіп отыр. Бұл облыс жерді жайып суару ісімен барлық колхоздар, совхоздар, МТС-тер, машина-малшаруашылық станциялары және машина-мелиорация станциялары тегіс шұғылданды. Мұның нәтижесінде қыста мезгілде 93 бөгет, уақытша тоспа және жасалды, 100 мың гектардай жер суару әзірленді. Оның үстіне колхозшылар жазды күні және күзді күні уақыт құрылыстардың көбін тұрақты құрылыстарға айналдырды.

Көзіргі басты міндет мынадай: әр облыс пен ауданда суландырылуға тиісті жерлердің мүлтіксіз жасалған тізім суландыру жұмыстарын ұйымдастыруды және жүргізудің нақтылы жоспары, график болуы керек. Республиканың солтүстік-шығыс және батыс облыстары жерді тікті құрылыс материалдарын дайындады, қар суын тоқтату үшін қар-мұз бөгеттер, тоспалар жасауды мейлінше

Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысында: «1951 жылдың қой шаруашылығын өркендету жоспары орындалмады. Қолхоздар мен совхоздар қойдың өнім-жітімге, таран-таражға салынуына жол берді. Қойды тиісінше бағып, күту ұйымдастырылмады. Жазғы, күзгі қой қырку мерзімінде өткізілмеді, жұмыстың сапасы төмен болды. Қолхоздар мен совхоздарда жүннің талап-таражға салынуына, ұрлануына қарсы күрес жеткілікті қажырлылықпен жүргізілмеді. Мұның бәрі жүннің көп ырап болуына, жүн дайындаудың 1951 жылға арналған мемлекеттік жоспарының орындалмауына әкеліп соқты» деп, атап көрсетілсе, қой шаруашылығын өркендету және оның жүн өнімін арттырып, елімізге жүнді еселеп мол беру күресіндегі бұл кемшіліктерге біздің облысымыздың қолхоздары мен совхоздары да ортақ.

Өйткені, облысымызда қой шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспардың орындалуы қанағаттанғысыз болды, қаулыда атап көрсетілгендей, қой шығынына жол берілді, қолхоздар мен совхоз басшылары және ауылшаруашылық орындары, олардың мамандары қой санын төлесебінен өсіру күресін мықтап ұйымдастыра білмеді, олар қойдың жүн өнімін малайту күресін ұйымдастыруда да шағалайлық көрсетті. Осының салдарынан жүн дайындау жоспары облысты бүтіндей алғанда өте-мөте қанағаттанғысыз орындалды.

Өткен жылдың бұл тәжірибелері мен сабақтарынан жергілікті партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық орындарының және колхоз, совхоз басшыларының тиісті қорытынды шығарып, қой шаруашылығын өркендетуде және оның жүн өнімін арттыруда үстіміздегі 1952 жылғы жаңа табыстарға жетудің нақтылы шараларын жүзеге асыруы қажет, еді, ал, бұл үшін кәзір қой қыстатуды және

ұшырауына және ідетке шалдығуына жол берілді.

Қой шаруашылығын өркендету және оның жүн өнімін арттыру мәселесіне көптеген совхоз басшылары, еңалдымен, облыстық совхоздар тресті тиісті мән бермей отыр. Трестің зоотехниктері қой тұқымын асымдандырудың шұғыл шараларын қолданбай-ақ келеді. Осының салдарынан жаппай асыл тұқымды қой шаруашылықты совхозға айналуда әбден мүмкіншілігі бар Қызылөскер қой совхозы биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетуде мүлдем кенже қалып қойды.

Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының V съезі қой шаруашылығын өркендетуде, әсіресе, биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетуде кездесіп отырған кемшіліктердің нақтылы себептерін көрсете келіп, қой шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде республика еңбекшілерінің алдында тұрған нақтылы міндеттерді айқын көрсеткен болатын. Осыған байланысты, облыстың қолхоздары болсын, совхоздары болсын қой шаруашылығын өркендетіп, оның өнімін арттыруда үстіміздегі жылы бұрын-соңды болып көрмеген жаңа табыстарға жетуге тиіс.

Бұл — партия, совет ұйымдарына, ауылшаруашылық және совхоз орындарына, мал шаруашылығының барлық мамандарына қой шаруашылығын өркендетіп, оның жүн өнімін арттыру мәселесімен күнбе-күн шұғылданып, қой шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі — кәзір әрбір колхозда, совхозда және көмекші шаруашылықта қойды дұрыс азықтандыру, күту және бағу жұмыстарын ұйымдастыру міндетін жүктейді. Ал, бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы әрбір колхоз бен совхозда қойлардың жемішпен толық қамтамасыз етілуіне, мал қораларының жылы болуына, арық, жүдеу және ішті қойлардың ерекше күтіліп, жемделуіне байланысты.

дей фермалар мен қолхоздар көптеп саналады. Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозының мүшесі Рыбалкин жолдас әрбір 100 саулықтан 168 қозы алып, оларды шығынсыз өсірді. Рыбалкин жолдас өзінің еңбекқұныне қосымша ақыға 72 қой алды. Осындай алдыңғы қатарлы шопанның іс тәжірибесін жұртшылыққа тарату мәселесімен облыстық ауылшаруашылық насихат басқармасы да, аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі де шұғылданбай отырса, бұл — мүлдем тәжірибесіз кемшілік.

Қазақ ССР Министрлер Советінің жоғарыда аталған қаулысына сәйкес, қойды әртүрлі қойлардан және басқа аурулардан арылтудың батыл шараларын қолдану — колхоз председателдерінің, совхоз директорларының, мал шаруашылығы мамандарының аса маңызды міндеті. Демек, жүн өнімінің артуы және жүннің мейлінше сапалы болуы көп реттерде осыған байланысты болады.

Сонымен бірге, кәзір әрбір колхоз бен совхозда қой қырудың жоспарлары жасалсын, қолхоздар мен совхоздар қажетгі мөлшерде қой қыратын жабдықтармен қамтамасыз етілсін және қой қыркушы мамандармен толықтырылсын. Сондай-ақ, қойлардың электр қуатымен қыркылуына, қой қыратын орындардың мезгілінде әзірленуіне осы бастан баса көңіл бөлу керек. Мұның барлығы үстіміздегі жылы 25 апрельге дейін әрбір ауданның, колхоздың, совхоздың және көмекші шаруашылықтың көлемде қой қыркуға әзірлікті толық аяқтау мақсатын көздейді.

Облыс қой өсірушілері! Қой шаруашылығын мықтап өркендетіп, қойдан жүнді көп алу және қой қырку шараларының мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етейік. Сөйтіп, еліміздің жеңіл өнеркәсібіне жүн сыяқты бағалы шикізатты көптеп беретін болайық!

теті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне оңтүстік облыстарда жер суарудың жаңа жүйесіне қысқа мерзімде көшуді, жер суару жүйелері бар барлық жерді толық пайдалануды, су шаруашылығының ірі құрылыс орындарындағы жұмыстарды кеңірлым тез аяқтауды, жаңа құрылыс жұмыстарын кеңінен өрістетуді, сол сыяқты, Ақмола облысы қолхозшыларының шабындықтар мен жайылымдарды суару жөніндегі тәжірибесін кеңінен таратуды тапсырды.

— Соғыстан кейінгі Сталиндік бесжылдық ішінде, — деді онан әрі Тайбеков жолдас, — республикада су шаруашылығын өркендету жөнінде едәуір жұмыс істелді. 67 мың гектар жерде жерді дұрыс суару жүйелері жасалды, 105 мың гектар жер қар суымен жайып суарылды, 655 бөгет пен тоған, 13,890 шахта, құдық, 34 терең трубалы құдық жасалды. Тек осы жылдардың өзінде жер өңдеу, жер суару жұмыстарына үкмет 143,5 миллион сом қаржы бөлі. Республикаға көптеген озат техника құралдары әкелінді. Мұның өзі жер суару жүйелері құрылысында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кең көлемде механикаландыруға мүмкіндік берді.

Алайда, республикада су шаруашылығын жайы қанағаттанғысыз, ол тіпті ауыл шаруашылығының ең аз қажетінің өзін өтей алмайды, ал, бірсыпыра жерлерде ауыл шаруашылығының онан әрі өркендеуіне бөгет жасайды. Сондықтан да су шаруашылығын өркендету, жер суарудың жаңа жүйелерін жасау, кең көлемді жерлерді суару және суландыру мәселелерінің кәзіргі уақытта халық шаруашылығы үшін маңызы зор болып отыр. Республиканың ауыл шаруашылығының, оның ішінде мал шаруашылығының онан әрі өркендеуі осы міндеттерді ойдағыдай орындауға байланысты.

Тайбеков жолдас Қазақстан К(б)П V съезі республиканың қолхоздары мен совхоздарының қорамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің маңызды программасын белгілегенін айтты.

республика 118 бөлігі ұжым жасалды да техника Республиканың мүшесі себептер дас Қазақ және су өздеріне алмай оларды жетуден жұмыста қолдарға ғы жоғары докуменнан бір лыстары Әсіресе Шығыс Республика Советтері атқару маңызды басшылы Тайбеков суару : масыз сын, жайылымда тоғанда күшейтіп және уақылы орындаулық то 1952 дықтар сұлалық жылы суару, 3 милли науға Республиканың биянды

дың су қорлары ауыл қажетіне пайдаланылсын

мәселелері жөніндегі республикалық кеңес

қандай да бір шаруашылықтағы су шаруашылығының маңызын айта отырып, су шаруашылығын дамыту үшін су ресурстарын тиімді пайдалану және су қорларын қорғау мәселелері жөнінде республикалық кеңес өткізіледі.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы су шаруашылығы жоғарғы Басқармасының бастығы **С. Д. Деуленов** жолдас шабындықтарды, жайылымдарды жайып суаруды және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтауды күшейту туралы шараларға толық тоқтап өтті.

Сол сыяқты, кеңесте жер суару жүйелерін пайдалануды жақсарту шаралары туралы республиканың су шаруашылығы министрінің орынбасары **В. Н. Солдовьев** жолдасының қосымша баяндамасы тыңдалды.

Кеңесте баяндамалар мен қосымша баяндамалар бойынша қызу жарыссөз басталды.

Жарыссөзде ең алдымен Ақмола облысының Ново-Черкас аудандық партия комитетінің секретары **Липитюк** жолдас сөз алды.

— Қоғамдық малдың көбеюіне байланысты, — деді ол, — Ново-Черкас ауданының колхоздары жемшөптің елеулі тапшылығын көрді. Өткен жылы өзендер мен сайларда уақытша бөгеттер мен тес-

тан қорғайды, қар тоқтатады, қар суы мен жауын суының пайдасыз ағып кетуін азайтады, жер астындағы судың жоғары көтерілуіне көмектеседі, суық пен жылылықтың құбылуын азайтады. Вишневая тауы — Каспи теңізі мемлекеттік орман алқабында үш жылдың ішінде 2885 гектар орман егілді, отырғызылды. Бұл жоспарда белгіленген мөлшерден едәуір артық. Бөгеттер мен тоғандар жасау жұмыстарын ағаш егу жұмыстарымен ұштастырып жүргізудің тәжірибесін жыйнадық. 1938 жылы Батыс Қазақстан облысының Шевченко атындағы колхозы ұзындығы 400 метр бөгет жасады. Сөйтін, құлама жар орнында тұщы сулы үлкен көл пайда болды. Жас колхозшылардың бастауымен көлдің айналасына 100 гектар ағаш егілді. Қазір колхоздың суармалы дөңді дақылдар участкасі, мал суаты, құрылыс ағаштары бар колхоз балық аулау ісімен шұғылданады.

Захкелес жер суару жүйесі басқармасының бастығы **Вартазарьян** жолдасының кеңеске қатысушылар аса зейін көп тыңдады. Жер суару жүйесінің басқармасында жер суару жүйелерін қайта құру және жер суарудың жаңа жүйесіне көшудің жоспарын мерзімнен бұрын орындауды көздейтін социалистік жарыс кең өріс алды. Коллектив өзінің міндеттемелерін аброймен орындады. Олар Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)М Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды. Басқарманың коллективі жер қазу жұмыстарын механикаландыру дәрежесін арттырды. Жер суару жүйесін қайта құру өткен жылдың өзінде егін суару участкастерінің санын едәуір азайтуға мүмкіндік берді. Егін суаратын арықтардың жалпы ұзындығы 200 километр кезтілді. Мұның

„Жамбыл“ фильмін түсіру

ЛЕНИНГРАД, (СОТА). Ленинград хореография училищесінің қазақ ұлттық тобында оқытын бір топ балалар қазақ шапанын киген, қолында домбырасы бар сұңғақ бойлы, ақсақалды бір адамды шулап келіп қоршап алды. Ленинградтың «Ленфильм» киностудиясында Қазақстанның ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың совет өкметі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдарда ашылған балалар үйіне келген кезі түсірілуде. Ресияның барлық халықтары сыяқты қазақ халқын да бостандыққа жеткізген совет өкметінің орнатылуын 70 жастағы Жамбыл ол кезде ұзақ творчестволық үзілістен кейінгі бірінші өлеңімен, Ұлы Октябрь туралы өлеңімен қарсы алды.

«Жамбыл» атты жаңа түрлі түсті көркем фильмді Алматының көркем және хроникалық фильмдер киностудиясы Ленинградтың «Ленфильм» киностудиясымен бірігіп шығарады. Бұл фильм Н. Погодин мен Ә. Тәжібаевтың сценаріі бойынша түсіріледі. Кинокартина Жамбылдың өмірін жас кезінен бастап баяндайды.

Халық ақындарының атакты ағасы Сүйінбай ақынның шәкірті жас Жамбыл өзінің өлеңдерінде қазақ халқын зар еңіреткен екі бірдей езушілікке — феодалдар мен патша өкметінің езушілігіне ба-

тыл қарсы шықты. Ленинградта ақындардың атасы Сүйінбайдың Жамбылды өзінің ең лайықты шәкірті деп танып, өз домбырасын оған тапсырған кезі түсірілді. Ауылдарды аралап жүріп, өзінің өлеңдерінде хандарды, байларды, молдалардың екіжүзділігін, надандығын, билердің сатылғыштығын әшкерелеу үшін Жамбыл қарт ақынның дақты домбырасын аброймен қабылдап алды.

Халық ақынының өлеңдері күреске шақырды. Жамбылдың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысуын, Д. Фурмановпен кездесуін және оның өмірінің басқала сондай кезеңдерін фильмге түсіру аяқталды.

1941 жылы ақынның өз үйінде ерекше күшпен естілген, совет халқының болашақ жеңісін шыңдаушы ұлы Сталинге шексіз сүйіспеншілікке бөленген «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңін шығарған кезі түсірілді.

90 жастағы Жамбылдың қазақ іскусствосының онкүндігі кезінде Ленин мавзолейіне баруы, Кремльде ұлы Сталинмен кездесуі фильмде ең көрнекті орын алады.

Фильмді түсіру үшін Алматыдан Ленинградқа бұл фильмге қатысушы көп адам келді.

Н. В. Гоголь күніне әзірлік

Орыс халқының ұлы жазушысы Николай Васильевич Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толуға байланысты облыстың мәдени-ағарту мекемелерінде әзірлік жұмысы кеңінен өріс алуда.

Клубтар мен кітапханаларда 175 кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Н. В. Гогольдің өмірі мен жазушылық қызметіне арналған 67 фотовитрина қойылды.

Облыстық кітапханада Гоголь күніне әзірлік жоспарланып, жақсы ұйымдастырылды. Мұнда оқушылар үшін жазушының өмірі мен творчествосы туралы баяндама дайындалып, кітап көрмесі жасалды. Гоголь шығармаларын оқушылардың

Пресновтың аудандық мәдениет үйі аудандық кітапханамен бірлесе отырып, жазушы шығармаларынан көрме ұйымдастырды. Мәдениет үйінің драма коллективі аудан еңбекшілеріне Гогольдің «Ревизор» пьесасын көрсетпекші.

* * *

Петропавл ауданының барлық мәдени-ағарту мекемелерінің кітапханалары мен оқу үйлерінде Гоголь туралы әңгімелер өткізілуде, оның шығармаларына үзінділер оқылуда.

Подфигурная жолдас меңгеруші болып істейтін Плоскі оқу үйінің белсенді кітап оқушылары Гогольдің өмірі мен твор-

көлемін есепке ала отырып, жер суаратын орындарды қайта құрудың үстеміз, дегі жылдағы жоспарың сөзсіз орындау міндетін қойды.

Су шаруашылығын өркендеті беру ісінде республиканың алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау — басшылық дәрежесін мейлінше жақсартуды талап етеді. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы су шаруашылығының жоғарғы Басқармасы бұл жұмыстарға басшылық жасау жөнінде әлі де тыңғылықты штаб бола алмай отыр. Машина-мелиорация станцияларының жұмысын тыңғылықты басқаруды қамтамасыз ете алмай келеді. Су шаруашылығының жоғарғы Басқармасының шабындық мелиорация құрылыс тресі өткен жылы құрылыс жоспарын небары 67 процент орындады, үстеміздегі жылы да құрылыс жұмыстарын өте баяу жүргізіп отыр. Республиканың Су шаруашылығы министрлігінің жұмысында ірі-ірі кемшіліктер бар. Ол өткен жылы күрделі құрылыстың жылдық жоспарын небары 54 процент қана орындады, қаржының, құрылыс материалдарының бығырауына жол берілді, жұмысты күші мен механизмдер нашар пайдаланылды.

Жер суару жүйелері басқармаларының жұмысында да үлкен олқылықтар бар.

Жобалау ұйымдарына елеулі талаптар қою керек болады. Средазнипротводхоз институтының қазақ филиалы мен қазгидропротводэлектро институты жұмысты баяу істейді, құрылыс ұйымдарын жобасмаға документтерімен қамтамасыз етпейді.

Су шаруашылығының кадрларын даярлау, тәрбиелеу және жұмысқа орналастыру су шаруашылығының системасында істейтін адамдардың мамандығын арттыру, ғылымның табыстары мен озаттардың тәжірибесін насихаттау жөнінде алдымызда күрделі міндеттер тұр.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы мен

совет ұйымдары, ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы орындары жер суару жүйесін қайта құрудың маңыздылығын жете бағаламайды. МТС-тердің, машина-малшаруашылық станцияларының және машина-мелиорация станцияларының техникасы дұрыс пайдаланылмайды.

Забезанский жолдас жоба сметаларын жасау, зерттеу және жоспарлау жұмыстарындағы, жобаларды жүзеге асырудағы елеулі кемшіліктерді көрсетті.

Быйыл жер суару жүйелерін қайта құру жөнінде жұмысты өткен екі жылдан бері екіжарым есе көп істеу керек болады. Баяндамашы бұл жоспардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге тиісті практикалық шараларға толық тоқталды.

Суарудың жаңа жүйесіне көшу жұмыстарының программасын іске асыру республиканың ғылыми ұйымдары алдына зор міндеттер қояды. Бірақ, бұл міндеттерді В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым Академиясының қазақ филиалының ғылым-зерттеу институттары әлі күнге дейін тақырыптық жұмыс жоспарларына енгізбеді. Ал, әмір кәзірдің өзінде ғалымдар шешуге тиісті бірсыпыра мәселелерді алға қойып отыр.

Мұнан кейін баяндамашы суды жоспармен пайдалануды ұйымдастыру мәселелеріне тоқталды. Өйткені, жер суарудың жаңа жүйесіне көшу суды жоспармен пайдалануға қолайлы жағдай тудырады. Забезанский жолдас шаруашылықтың өзінің ішінде суды жоспармен пайдаланудың — ауа райы жағдайына, жер қыртысына, жер астындағы судың деңгейіне, тыңайтқыштардың түріне, өсімдіктердің сартына, тұқым себудің мерзімдеріне және суару әдістеріне қарай жер суару тәртібін және су беру нормаларын белгілеудің аса пайдалылығын дәлелдейтін мысалдар келтірді.

Баяндамашы ауыл шаруашылығы мен

аудандық партия комитетінің секретары Раджибаев жолдас, Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің председателі Күзембаев жолдас және басқалары республиканың су шаруашылығы орындарында әртүрлі жүйелердің көп екенін, мұның өзі кадрлардың, техниканың бығырауына, жобалаушы ұйымдардың артта қалуына, жұмыс жоспарларының орындалмауына әкеп соғатынын көрсетті.

—Шымкентте,— деді Күзембаев жолдас, —облыстың шаруашылығымен белгілі дәрежеде шұғылданатын және әртүрлі ведомстволарға бағынатын оншақты су мекемесі бар, мұндай жағдайды тәртіпті деп есептеуге болмайды. Істің мүддесі үшін су мекемелерінің ұйымдық құрылысында тәртіп орнату қажет.

Қарағанды облысының Тельман аудандық партия комитетінің секретары Мұхамбетов жолдас Қарағандының шахтерлері мен Теміртаудың металлургиялық жабдықтау үшін тұрақты овощ, картоп базасын жасау мәселелеріне тоқталды. Ауданның колхозшылары көктемгі қар суын неғұрлым толық пайдалану және және суармалы егін шаруашылығын құру күресіне белсене қатынасуда. Каганович атындағы ауылшаруашылық артелинде Радченко жолдасының бригадасы егінді суару арқасында гектарынан 70 центнер орнына, 224 центнер сәбіз, 283 центнер помидор, 124 центнер қыяр, алды. Бау —бақша шаруашылығында өңбек процесінің механикаландыру шаралары белгіленді.

Вишнева тауы —Каспи теңізі мемлекеттік орман алқабы құрылысы жергілікті басқармасы бастығының орынбасары Дәулетов жолдас өзінің сөзін далалық алқаптарда ағаш өту мәселелеріне арнады.

—Республиканың су шаруашылығын бұдан әрі өркендету мәселелерін талқылағанда, ағаш өту сияқты маңызды жұмысты ескермеуге болмайды. Орман алқаптары, тоғайлар, егістіктерді аңызға

Қарағанды тәжірибе станциясында жерді жайып суаруға байланысты кейбір жұмыстар істелді. Қазақстанның ғылым-зерттеу мекемелерінің ғалымдары далалық және шөлейт аудандарда жайылымдар мен шабындықтарды жайып суару техникасын белгілеу ісімен шұғылдануға міндетті. Бұл жұмыстарға жергілікті агрономдарды, мелиораторларды, мал өсіруші мамандарды қатыстыру керек.

Жамбыл облысының Талас ауданындағы «Қызыл Октябрь» колхозының председателі Байзақов жолдас республиканың су шаруашылығын онан әрі өркендету, мал шаруашылығын күшейту, дөңді-техникалық жақылдардың шығымдылығын арттыру ісінде кеңестің орасан зор маңызы бар екенін айтты. Егін суарушылардың ролі туралы айта келіп, Байзақов жолдас көп колхоздардың басқармалары, су шаруашылығы орындары, сауда ұйымдары жер суарушыларға ойдағыдай қамқорлық көрсетпейтінін білдірді.

Жарыссөзде сол сияқты Қаратал жер суару жүйесі басқармасының бастығы Нестеренко жолдас, Аманкелді аудандық су шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Сохин жолдас, Ташкенттің ауылшаруашылығын мелиорациялау және механикаландыру институтының доценті Ляпин жолдас, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым Академиясы қазақ филиалының ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтының директоры Николаев жолдас, ССРО Совхоздар Министрінің орынбасары Корнев жолдас — барлығы 45 адам сөз сөйледі.

Кеңестің аяғында республиканың су шаруашылығы қызметкерлерінің міндеттері туралы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретары Ж. Шаяхметов жолдас сөз сөйледі.

Кеңеске қатысушылар зор өрлеу үстінде И. В. Сталин жолдасқа хат қабылдады.

сивтік қоғамдық ұйым, васымен «Бейбітшілік Бейбітшілікті қорғауды ті осы шаралардың жұмысты барлық адал және барлық демократ

ХАЛЫҚАРАЛ

ХЕЛЬСИНКИ, 15 ф «Вапаа сана» газеті өзі теріне сүйене отырып ды: Москвада болатын номикалық мәжіліске Ф мында 8—10 мүшесі ба мекші. Олар елдің сау.

МАДРАС ШТ

ДЕЛИ, 15 февраль. оф Индия» газетінің х да, Мадраста тұтқынна босатылған. Жасырын ғана шыққан кезде тұ Санкаран Намбодипада дасвамиды, сол сыяқ

«УДАРНИК» кив «ПОЕЗДАР УАҚЫТЫН Сеанс сағат 4-те бас

штат расписания йін ұзарту туралы жылға арналған штырын тіркеуге алуға мен мекеме басшыл Қалалық және графиктегі тіркеу қ кемелер өздерінің ш дардың сметасын ті детті.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе —